



«Келісемін»
Жамбыл облысы әкімдігі
білім басқармасы
басшысының м.а
_____ Л.Кзылкулова
« . » _____ 2025 ж



«Бекітемін»
«Аманат» партиясы
Жамбыл облыстық
филиалының төрағасы
_____ Д.Бейсенқұлов
« . » _____ 2025 ж

«МҰҒАЛИМ TALKS» атты TED -алаңының ЕРЕЖЕСІ

I тарау. Жалпы ережелер

Осы Ереже **«МҰҒАЛИМ-TALKS»** TED-алаңының (бұдан әрі - алаң) өткізілу мақсаты мен міндеттерін, тәртібін, қатысу шартын және оның қорытындысын шығару мен марапаттау рәсімдерін анықтайды.

TED-алаңын жылына бір рет «AMANAT» партиясы Жамбыл облыстық филиалы мен Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасы бірлесіп өткізеді.

TED-алаңының бағыты – еліміздің жаһандану кезеңіндегі мемлекетіміздің дамуы негізінде мектеп басшылары мен педагогтердің көшбасшылық қабілетін, зияткерлік әлеуетін жан жақты аша түсуге, қатысушылардың басқарушылық идеялары мен шығармашылық белсенділігін, өз көзқарастары мен ұстанымын жеткізе білу қабілеттерін дамыту.

TED-алаңының мақсаты – облыстың жалпы орта білім беру саласында кәсіби құзыреттіліктері мен басқарушылық қабілеттері жоғары деңгейде қалыптасқан мектеп басшылары мен педагогтерін анықтау, шығармашылық тұрғыда өзін-өзі жүзеге асыруын және кәсіби өсуін ынталандыру, басшылар мен мұғалімдердің инновациялық тәжірибесін зерделеу және тарату.

TED-алаңының міндеттері:

- жалпы орта білім беру ұйымдарын басқару саласындағы инновациялық тәжірибені анықтау және тарату, тәжірибемен алмасу үшін жағдай жасау;

- педагогтердің кәсіби өсу бағытында шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ету;

- білім беру саласындағы басқарушылық қызметтің оң имиджін қалыптастыру.

II тарау. TED-алаңын ұйымдастыру шарттары

1. TED-алаңын жұмыстарын үйлестіру мақсатында ұйымдастыру комитеті құрылады. Ұйымдастыру комитеті алаңды өткізу тәртібін, мерзімін және ұсынылған материалдарды бағалау өлшемдерін әзірлейді, алаңға қатысушылардың тізімін бекітеді.

2. TED-алаңына қатысушыларды объективті тұрғыда бағалау және жеңімпаздарды анықтау үшін байқаудың қазылар алқасы құрылады.

3. Қазылар алқасының құрамы «АМАНАТ» партиясының Жамбыл облыстық филиалы және білім басқармасының өкілдері, жоғары оқу орындарының ғалымдары, үздік педагогтер мен тәжірибелі мектеп басшылары, еңбек ардагерлері, қоғамдық ұйымдардың өкілдерінен құрылады.

4. Қазылар алқасының құрамы «АМАНАТ» партиясы Жамбыл облыстық филиалы төрағасының бұйрығымен бекітіледі.

III тарау. TED-алаңының қатысушылары

TED-алаңға жалпы орта білім беретін мектеп директорлары, тәжірибелі мұғалімдер қатысады.

IV тарау. TED-алаңының өткізілу кезеңдері

1. TED-алаңы екі кезеңде өткізіледі.

I кезең - аудандық, 2025 жылдың 10-30 наурыз аралығында өткізіледі. Онда аудандық алаңның жеңімпаздары анықталып, екінші кезеңге қатысушылар ұсынылады.

II кезең – облыстық, 2025 жылдың 8-14 мамыр аралығында өткізіледі.

1. Облыстық TED-алаңына қатысуға аудандар мен Тараз қаласының (әр ауданнан және Тараз қаласынан 1 адамнан) байқау жеңімпаздары қатысады.

2. Ұйымдастыру комитетіне тапсырылған материалдарға пікір жазылмайды, байқауға қатысушылардың жұмыстары қайтарылмайды.

V тарау. TED-алаңының өткізілу тәртібі

➤ TED-алаңы мектеп директорларының, педагогтердің басқарушылық-әдіснамалық жұмысының аясында болады. Онда қатысушылар өз мектебінде құндылықтарға негізделген білім беру жағдайында жинақталған өз тәжірибелерімен немесе өз өмірлерінде болған қызықты оқиғалармен (басқаға үлгі болатын өз тәжірибелерімен) бөлісіп, қатысушының тақырыбы түйінді оймен қорытындылануы қажет.

Таңдаған тақырыбы қызықты әрі жаңашыл болуы маңызды, есеп беру немесе ақпарат беру түрінде болмауына аса көңіл бөлінеді.

Қатысушыға өз тәжірибесімен бөлісуге 7-8 минут уақыт регламенті беріледі. Қатысушы сахна этикетіне сай киіну, сөйлеу және жүру мәдениетін сақтауы тиіс.

➤ **TED-алаңға қатысушыларға ұсынылатын тақырыптар:**
«Ауыл мұғалімінің бір күні», «SMART мектеп», «Әлемді біліммен әдемі етеміз», «Барлық нәрселерге он жеті минут», «Тамаша сәттер», «Әңгімелеу өнері», «Сіз шабыт көзісіз», «Soft skills дағдылары», «Табысты мектеп, табысты мұғалім, табысты бала», «Құндылықтарға негізделген білім беру кеңістігі».

TED- идеяны бағалау өлшемшарттары:

1. Мақсаттары мен міндеттерінің айқындылығы;
2. Мазмұны (*идеяның өзектілігі, ақпараттың дұрыстығы*);
3. Тиімділікті бағалауы (*практикалық қажеттілігі*);
4. Жеке жетістіктері.

Қатысушының TED форматында сөз сөйлеуін бағалау өлшемшарттары:

- Сөйлеуді тиімді ұйымдастыруы;
- Көрнекі материалдарды пайдалануы;
- Сөздің бір бөлігінен екіншісіне ауысудың бірқалыптылығы;
- Монологтың барлық бөліктерінің бірізділігі;
- Мазмұндаудың аудиторияға жарқын және жағымды болуы;
- Сөзі түсінікті және эмоционалды болуы.

VII тарау. TED-алаңға қатысушыларды марапаттау:

Байқау жеңімпаздары қазылар алқасының шешімімен жоғарыда қойылған талаптар мен белгілерге сәйкес анықталады.

Байқау жеңімпаздары Бас жүлде, I, II, III дәрежелі дипломдармен және номинациялармен марапатталады.

Өтініш

Мені білім беру ұйымдарының мектеп әкімшілігі мен педагогтеріне арналған «МҰҒАЛІМ-TALKS» атты облыстық байқауына қатысуға жіберуіңізді сұраймын.

Байқаудың шарттарымен таныстым және келісемін.

Қосымша:

(күні)

(қолы)

Аннотациясы

СУРЕТ ОРНЫ